

## Алматы қаласы Азаматтық қорғанысын 2010 жылғы кезеңге дейін дамыту және жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2004 жылғы 22 қаңтардағы N 10 шешімі. Алматы қалалық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 18 ақпанда N 584 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 2006 жылғы 7 наурыздағы N 33 шешімімен

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қаупі төнген, халықаралық терроризмнің бас көтеруі жиілей бастаған жағдайда, Алматы қаласы басқару органдарының, Азаматтық қорғаныстың күштері мен құралдарының, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік жүйенің дайындықтарына жасалған талдау жұмысы, жалпы алғанда, қала халқын және аумағын қазіргі заманғы зақымдандыру құралынан, табиғи және техногендік сипаттағы аномалдық құбылыстардан қорғауға мүмкіндік б е р е д і .

Байланыс және хабарландыру жүйелері, басқару пункті, солардың ішінде запастағылары да әр қайсысының белгіленулеріне қарай іске кірісуге тұрақты дайындықта тұр. Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар жөніндегі Дағдарыс орталығын ұйымдастыру, 051 біртұтас кезекшілік-диспетчерлік қызметін модернизациялау жұмысы аяқталып келеді. Алматы қаласының құтқару қызметі құрылып, жұмыс істеп жатыр. Тұтқиыл жағдайда іс-әрекет жасауға басшы құрам мен халықты үйрету тиімділігі арта түсті. Дағдарыс жағдайында салалар мен шаруашылық нысандарының тұрақты жұмыс істеуі бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылуда, өнеркәсіп нысандарының қауіпсіздігін декларациялау барысына бақылау жасау күшейтіле түсті.

Алайда, қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарында құрылған Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың құрамаларының дайындық жағдайлары қойылатын талапқа сай келмейді. Қаланың Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметін материалдық-техникалық жабдықталуы әлі де болса, әлсіз б о л ы п о т ы р .

Азаматтық қорғаныстың мүліктерін, қорғаныс ғимараттарының қорларын, жеке қорғаныс құралдарының запастарын тұрақты дайындықта ұстау мәселелері т о л ы ғы м е н ш е ш і л м е г е н .

Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 7 мамырдағы "Азаматтық қорғаныс туралы" Заңын , нормативтік актілерін , табиғи және техногендік сипаттағы жағдайлардан аумақтар мен халықты, қазіргі заманғы зақымдану құралын

қолдану қауіпінен қорғау жөніндегі талаптарды жүзеге асыру, жергілікті атқару органдары мен ұйымдар басшыларының жауапкершіліктерін арттыру, Азаматтық қорғаныстың, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік жүйесін жетілдіру және дамыту мақсатында, Алматы қаласының Әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1 . Б е к і т і л с і н :

1) "Алматы қаласының Азаматтық қорғанысын 2010 жылғы кезеңге дейін дамыту мен жетілдірудің негізгі бағыттары" кешенді бағдарламасы (1 қосымша).

2) "Алматы қаласының Азаматтық қорғанысын 2010 жылғы кезеңге дейін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жоспары" бекітіліп, белгіленген тәртіп бойынша Алматы қалалық Мәслихатының қарауына ұсынылсын (2 қосымша).

2 . А у д а н ә к і м д е р і :

1) 2004 жылғы 1 наурызға дейін аудандардың Азаматтық қорғанысын 2010 жылғы кезеңге дейін дамыту және жетілдірудің жоспарын жасап, белгіленген тәртіп бойынша ұсыныс етсін.

2) 2004 жылғы 1 шілдеге дейін ведомствоға қарасты, қалалық және қала сыртындағы аумақтарда орналасқан қорғаныс ғимараттарының дайындықтары жөнінде, оларды жиуаздар және басқа да керек-жарақтармен жабдықтау бойынша шаралар қабылдансын;

3) аудандық жедел-құтқару отрядтарының жұмысын жеке құраммен толықтыру, авариялық-құтқару жабдықтарымен, байланыс құралдарымен жабдықтау арқылы жұмыстарын жолға қою, құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін қаланың Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтерімен бірлесіп іс-қимыл жасауын ұйымдастыру;

4) Азаматтық қорғаныстың басшылары-мекеме басшыларынан табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындай қалған жағдайда жұмыс істеуші құрамның тіршілігін бірінші кезекте қамтамасыз ететін материалдық-техникалық, азық-түліктік және басқа да ресурстардың резерв қорларын жасау талап етілсін;

5) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 шілдедегі "Қазақстан Республикасы аумағында Азаматтық қорғаныстың жұмылдыру дайындығын және шараларын қаржыландыру туралы" қаулысына сәйкес ведомстволық аумақта орналасқан ұйымдардағы Азаматтық қорғаныс шараларын қаржыландыруды бақылау күшейтілсін.

3. Алматы қаласы әкімінің орынбасары - қалалық эвакуациялық комиссиясының төрағасы (А.Қ.Бижанов) 2004 жылғы 1 сәуіріне дейін халықты және материалдық құндылықтарды эвакуациялау жоспарына, Қазақстан Республикасының облыстары мен аудандарының әкімшілік-аумақтық бөліну өзгерістерін, сондай-ақ қабылданатын облыстардың нақты мүмкіндіктерін ескере

отырып, өзгерістер енгізілсін.

4. Әскери-жұмылдыру бөлімінің бастығы (Е.Т.Абыханов) қалалық әскери комиссарымен (Б.А.Мұхаметжанов) бірлесе отырып:

1) 2004 жылдың 1 мамырына дейін күштер мен аумақтық қорғаныс құралдарын жұмылдырудың ауданын белгілесін;

2) аумақтық қорғаныс жөніндегі жетекшілікке сәйкес, Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайларды басқару органдарын бейбіт жағдайынан соғыс жағдайына көшіру жұмысы қамтамасыз етілсін;

3) жыл сайын командалық-штабтық жаттығу өткізіліп, онда аумақтық қорғаныс құрамаларының азаматтық қорғаныс қызметтерімен, авариялық-құтқару құрамаларымен бірлесе отырып, мәселелерді практикалық жүзеге асыруы қарастырылсын.

5. "Алматытелекомның" бас директоры - Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың байланыс және хабарлау қызметінің бастығы (А.В.Лезговко) байланыс және хабарлау қызметі құрамаларының, бейбіт және соғыс уақытында алдарына қойылған тапсырмаларды орындауға дайындығын қамтамасыз етсін, сонымен бірге олардың техникалық жарақталуын жақсартсын. 2004 жылдың 1 сәуіріне дейін Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайларды басқару органдары үшін белгіленген тәртіп бойынша сым және радиобайланысы құралдарының қажетті запасын жасау жөнінде ұсыныс жасасын.

6. Алматы қаласын радиоландыру орталығының директоры (К.Ш.Жақыпов) адамдар көп жиналатын жерлерге көше дауыс зорайтқыштарын орнату жөнінде шаралар жасап, жүзеге асырсын.

7. Алматы қаласының денсаулық сақтау Департаментінің бастығы - Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың медициналық қызметінің бастығы (В.Н. Девятко):

1) 2004 жылдың 1 ақпанына дейін қалалық қан тапсыру орталығын құру, жылжымалы далалық госпиталды қажетті медициналық мүліктер және жабдықтармен жарақтандыруға, белгіленген тәртіп бойынша ұсыныс түсірсін;

2) зардап шеккендерді жаппай қабылдайтын медициналық емдеу мекемелері әзірлесін, олар жұмыс істеуі үшін автономдық режимде, жылжымалы және стационарлық энергиямен қамтамасыз ететін жабдықтармен жарақтандырылсын.

8. Алматы қаласының санитарлық - эпидемиологиялық басқармасының бастығы - Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың санитарлық - эпидемиологиялық қызметінің бастығы (В.Н.Шеянов) 2006 жылдың 1 қаңтарына дейін жылжымалы санитарлық-гигиеналық және бактериологиялық лаборатория алсын. Оларды қажетті мүліктермен және жабдықтармен қамтамасыз етсін.

9. Алматы қалалық мемлекеттік өртке қарсы Бас басқармасының бастығы - Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың өртке қарсы қызметінің бастығы (Б.С.Құтпанов):

1) "Алматы қаласының өртке қарсы мемлекеттік қызметінің 2005 жылға дейінгі бағдарламасын" орындауды жандандырсын, өрт бөлімшелерінің, олардың ішінде мамандандырылған бөлімшелердің әскери дайындықтарын талапқа сай қамтамасыз етсін. Оларды техникамен және жабдықтармен толықтырсын, авариялық-құтқару жұмыстарын орындай алатын кадрлармен қамтамасыз етсін;

2) қаланың жаңа құрылысында, ғимараттарды құруда, қайта жөндеуден өткізуде өртке шыдамды құрылыс материалын пайдалануды бақылауды күшейтсін;

3) өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін бұзатын, адамдар көп жиналатын нысандардың басшыларына қойылатын талап күшейтілсін;

4) 2004 жылдың 1 сәуіріне дейін төтенше жағдайлар мен зақымдану ошағында факторлардың екінші қайталану жағдайында өртке қарсы қамсыздандыруды ұйымдастыру жоспарын жасасын, Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың күштері мен құралдарын тарту тәртібін белгілесін, авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуде өз ара байланыста болу және бірлескен ақпарат алмасу жұмыстарын жолға қойсын;

5) 2005 жылдың 1 қаңтарына дейін Қалалық мемлекеттік өртке қарсы Бас басқармасының жеке құрамын кәсіби мектеп негізінде, психологиялық дайындықтан өткізетін, спорттық-жаттығу мұнарасы, компьютер класы бар оқу-жаттығу орталығы құрылсын;

6) 2004 жылдың 1 маусымына дейін кәсіби және қоғамдық өрттен қорғану күшін даярлау жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар жасалсын. Құрамының әзірлігі авариялық-құтқару жұмысын жүргізу құқына аттестациялаудан өткізу кезінде анықталсын.

10. Алматы қалалық ішкі істер бас басқармасының бастығы - Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың қоғамдық тәртіп сақтау қызметінің бастығы (М.М.Оразалиев):

1) шұғыл ден қою арнайы отрядын, мүмкін болатын террорлық актілердің алдын алу үшін мамандандырылған жабдықтармен және техникамен жарақтау жөнінде, белгіленген тәртіп бойынша ұсыныс түсірсін;

2) Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың энергетика (Д.Б. Есжанов), газбен жабдықтау (А.В.Толстобров), сумен жабдықтау (В.А. Зувев) қызметтерімен бірлесе отырып, қала тіршілігін қамтамасыз ету нысандарын күзетуді бақылауды күшейтсін, лаңкестік актілерге ден қоюда бірлесіп жасайтын іс-қимыл мәселелері нақтыласын;

3) өндірісте жарылғыш және күшті әсерлі улы заттарды пайдаланатын

кәсіпорындар мен нысандарды күзету және рұқсат режимін сақтау жөніндегі профилактикалық жұмыс күшейтіліп, жандандырылсын.

11. Алматы қаласы сәулет және қала құрылысы Департаментінің төрағасы (С.К. Баймағамбетов) 2004 жылдың 1 сәуіріне дейін белгіленген тәртіп бойынша "Алматы қаласын 2020 жылғы кезеңге дейін дамытудың Бас жоспарын" қала ерекшелігін және Азаматтық қорғаныстың талаптарын есепке ала отырып, қала құрылысының нормаларын қайта қарау жөнінде ұсыныс түсірсін, онда қорғаныс құрылыстары бар ғимараттардың типтік жобаларын жасау, бейбіт және соғыс уақытында тұрғызылатын типтік қорғаныс құрылыстарын, жерасты кеңістігіндегі нысандарды игеру және пайдалану, соғыс уақытында жылдам тұрғызылатын қорғаныс құрылыстарын орналастыру және салу қарастырылсын.

12. Алматы қаласы күрделі құрылыс Департаментінің бастығы - Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың инженерлік қызметінің бастығы (М.Ш. Серғазин) Алматы қаласы Мемлекеттік сәулет-құрылысын бақылау Департаментінің бастығы (М.С. Әбдібаев) бірлесе отырып, сейсмикалық (төтеп беретін) ғимараттар мен құрылыстардың ең алдымен адамдар көп жиналатын және қала тіршілігін қамтамасыз ететін нысандардың сейсмикалық күшейтілу жұмыстарының барысына бақылау жасауды қамтамасыз ететін болсын.

13. АПК бас директоры - энергетика қызметінің бастығы (Д.Б.Есжанов), "Алматы газ желілері" ААҚ бас директоры - Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың газбен жабдықтау қызметінің бастығы - (А.В. Толстобров), "Суканал" МКК - бас директоры - Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың сумен жабдықтау қызметінің бастығы (В.А.Зуев):

1) бағыныстағы кәсіпорындарында азаматтық қорғаныстың қолда бар мүмкіндігін, оның материалдық-техникалық негізін сақтау және дамыту жөніндегі белгіленген талаптардың сақталуын, құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге құрамалардың дайындығы жағдайын үйлестіру және бақылауды қамтамасыз етілсін;

2) қала коммуникациясы жолдарының зақымдануына кедергі жасайтын, автоматты түрде ажырататын инженер-техникалық шаралар ұйымдастыру қарастырылған "Кедергі" жүйесін орнатуды аяқтау бойынша шаралары жасалсын.

14. Салттық қызмет көрсету арнайы комбинатының директоры - Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың салттық қызмет көрсету қызметінің бастығы (А.С. Несіпбаев) 2004 жылдың 1 ақпанына дейін белгіленген тәртіппен табиғи және техногендік сипаттағы апаттың салдарынан қаза болған адамдарды жерлейтін қаланың әкімшілік-аумақтық шекарасынан жер бөлуге ұсыныс ж а с а с ы н .

15. Жолаушылар тасымалдау коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының бас

директоры - Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың автокөлік қызметінің бастығы (Ж.К. Теміржанов):

1) 2004 жылдың 1 ақпанына дейін Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың салттық қызмет көрсету қызметімен (А.С. Несіпбаев) бірлесе отырып, қаза болған адамдарды тасымалдау және жерлеуге тартылатын қаланың автокөлік кәсіпорындары мен қажетті автотехниканың тізімін анықтасын;

2) 2004 жылғы қаңтар айынан бастап, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындау қаупі төнген және жүз берген жағдайда автокөлік кешенінің іс-қимылы жоспарын пысықтау бойынша арнайы жаттығулар өткізсін.

16. Алматы қалалық білім Департаментінің директоры - Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың оқыту қызметінің бастығы (Г.Е. Есімбаева):

1) 2004 жылдың 1 қыркүйегіне дейін қаланың оқу орындарын "Тіршілік қауіпсіздігінің негізі" және "Тіршілік қауіпсіздігі" пәні бойынша дайындық курсынан өткен оқытушылармен толықтырылсын, оқытушылар ұжымы оқушылар арасында Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар саласындағы Қазақстан Республикасы заңын насихаттауды күшейтуге назар аударсын;

2) 2005 жылғы 1 қыркүйекке дейін "Тіршілік қауіпсіздігінің негізі" курсы және "Тіршілік қауіпсіздігі" пәні бойынша Алматы қаласының аймақтық ерекшеліктерін есепке ала отырып, компьютерлік ойын және компьютерлік оқыту бағдарламасын кеңейту, бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайларға қалыптасуды жетілдіру үшін тренажерлармен қамтамасыз ету қ а р а с т ы р ы л с ы н ;

3) Алматы қалалық әскери комиссариаты (Б.А. Мұқаметжанов), Алматы қалалық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы (Б.Б. Ысқақов), Алматы қалалық Құтқару қызметі (Р.Р. Хайбуллин), Алматы қаласы Мемлекеттік жастар саясатын дамыту қорымен (А.Б. Құдайбергенов) бірлесе отырып, бастауыш әскери дайындық және тіршілік негізі жөніндегі білімін нығайту мақсатында, 2004 жылдан бастап, оқушыларға жаздық спорттық-сауықтыру лагерлерін ұйымдастырсын.

17. Алматы қаласы өнеркәсіп және сауда Департаментінің бастығы - Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың материалдық, сауда және тамақтандыру қызметінің бастығы (М.А. Мұқамбетов):

1) 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін Алматы қалалық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы (Б.Б. Ысқақов) - Алматы қаласының Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың қызметтерімен бірлесе отырып, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін материалдық-техникалық резервтің қолда бар мөлшерін есепке алу жұмысын аяқтасын және материалдық-техникалық, азық-түлік және басқа да

құрал-саймандардың қорларын толықтыру жұмысын ұйымдастырсын. Зардап шеккен халықты жинау орындары толық жұмыс істеуі үшін жоғарыда көрсетілген резервтің нақты жинақталуы қамтамасыз етілсін;

2) "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың зардаптарын жоюға және ерекше кезеңге материалдық-техникалық, азық-түліктік, медициналық және басқа да ресурстарының жергілікті қорын жасау туралы" мәселесін қарау үшін, Алматы қалалық Мәслихатының жұмыс жоспарына енгізуге белгіленген тәртіп бойынша ұсыныс жасалсын.

18. Төтенше жағдайлар жөнінде басқармасының бастығы (Б.Б. Ысқақов):

1) Алматы қаласының Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың қызметімен бірлесе отырып, Алматы қаласының Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі Дағдарыс орталығын құру ұйымдастырсын, қоршаған ортаның жағдайын бақылау және қадағалау жұмысын, өте қауіпті нысандардағы және оларға жалғасып жатқан аумақтардағы жағдайларды бақылауды жүзеге асыратын Алматы қаласының жедел-диспетчерлік басқармасының біртұтас радиобайланысының жедел жүйесін енгізу қамтамасыз етілсін ;

2) белгіленген тәртіппен инженерлік қорғаудың мобильдік отрядтарын, ауыр инженерлік техника және құралдармен жабдықтау, сондай-ақ қаланың күзетілмейтін акваторияларында зардап шеккендерге жәрдем беретін маневрлік-іздістіру топтарын құру жөнінде ұсыныс жасалсын;

3) өнеркәсіп нысандарының қауіпсіздіктеріне декларация жасалу барысына тұрақты түрде бақылау жасалсын, онда төтенше жағдайларды ескерту және жоюға қауіпті деген нысандардың дайындықтары туралы қорытынды беру тәртібі сақталсын ;

4) барлық деңгейдегі басшылардың халықты төтенше жағдайларға әзірлеу жүйесін одан әрі жетілдіру және дамыту жөніндегі жауапкершілігі арттырылсын, халықтың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыстарын одан әрі жалғастырсын ;

5) ақпарат және қоғамдық келісім басқармасымен (Ж.Б.Бекболатұлы ) бірлесе отырып, ақпарат құралдарында, Алматы қаласының азаматтық қорғаныс мәселесінің мақсаттары мен міндеттері туралы материалдарды жариялау, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі әдістемелік материалдарды басып шығару жөніндегі жұмыс жандандырылсын.

19. Алматы қалалық қаржы басқармасының бастығы (Қ.Қ. Тәжібаев) жыл сайын жергілікті бюджеттің жобасын жасағанда тиісті жылға "2010 жылғы кезеңге дейін Алматы қаласының Азаматтық қорғанысын материалдық-техникалық қамтамасыз ету жоспарын" қаржыландыруға қаражат бөлуді қарастырсын .

20. Аудан әкімдері осы шешімнің орындалу барысы туралы жарты жылдықтың қорытындысы бойынша және берілген тапсырманың белгіленген мерзімі бойынша орындалуына қарай үнемі баяндап тұратын болсын.

21. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Я.И. Заяцқа жүктелсін.

*Алматы қаласының Әкімі*

А л м а т ы қ а л а с ы ә к і м і н і ң  
2 0 0 4 ж ы л ғ ы " 2 2 " а қ п а н д а ғ ы  
N 1 0 ш е ш і м і н е  
N 1 Қосымша

**Алматы қаласының Азаматтық қорғанысын  
2010 жылғы кезеңге дейін дамыту мен  
жетілдірудің негізгі бағыттары**

Алматы 2004ж.

**Алматы қаласы Азаматтық қорғанысын  
дамытудың негізгі бағыттары**

Алматы қаласы Азаматтық қорғанысын дамытудың негізгі бағыттары мүмкін болатын қазіргі заманғы соғыс жағдайына Азаматтық қорғанысты дамытудың негізгі мақсаттары мен принциптері және дамыту басымдылығының ресми түрде қабылданған жүйесі болып табылады.

Олар төмендегі мәселелерге негіз болады:

1) өкілетті және атқарушы органдардың, экономикалық, әлеуметтік құрылымның халықтың қаланы Азаматтық қорғаныс саласына дайындықтарын қамтамасыз етуге қалыптастырудың және біртұтас саясат жүргізуге;

2) Алматы қаласы Азаматтық қорғанысын жасаудың, жүзеге асыру және дамыту бағдарламасына;

3) Азаматтық қорғаныс, өкіметті және атқарушы органдардың шаралары мен жоспарларын, Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімшелерін, Азаматтық қорғаныс құрамаларын, Қорғаныс Министрлігі мен Ішкі Істер Министрлігі бөлімшелерін қосқандағы Азаматтық қорғаныс күштерінің жоспарлары және шараларымен байланыстыруға;

4) Азаматтық қорғаныс саласындағы қалалық нормативтік-құқықтық негізін жетілдіру және одан әрі дамытуға.

2010 жылға дейінгі кезеңге дамытудың негізгі бағыттары әскери қақтығыстың мүмкін болған сипатына, қаланың Азаматтық қорғаныс жағдайы сараптамасына негізделіп жасалған. Онда Азаматтық қорғаныс саласының шараларын жүзеге асырудың нақты экономикалық мүмкіндіктері ескерілген.



Құқықтық нормативтік негізін Қазақстан Республикасының " Азаматтық қорғаныс туралы", " Алматы қаласының ерекше құзыры туралы" заңдары, сондай-ақ мемлекеттік қорғаныс саласындағы басқа да заңдар, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттігінің Азаматтық қорғаныс саласындағы қаулылары құрайды.

Негізгі бағыттарда Алматы қаласы Азаматтық қорғаныс саласы жүйесінің құқықтық және ұйымдық негізі, Азаматтық қорғаныс саласындағы саясаттың мақсаттары, принциптері мен ерекшеліктері, оны дамыту мен жетілдірудің негізгі бағыттарын, жүзеге асыру тәртіптері көрсетілген.

## **1. Жалпы ереже**

### **1.1. Азаматтық қорғаныстың қазіргі замандағы рөлі мен орны**

Алматы қаласы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік, әкімшілік, мәдени және ғылыми ірі орталығы болып табылады. Мүмкін болған әскери қимылдардың Алматы қаласындағы ең басты қарулы қақтығыс түрі:

1) қауіптілігі жоғары нысандарда, тіршілікті қамтамасыз ету нысандары жүйелерінде, халық көп жиналатын жерлерде лаңкестік және диверсиялық а к т і л е р ;

2) халыққа ғарыштық психотроптік қарудың әсері;

3) басқару органдары мен маңызды стратегиялық нысандарға нысаналық с о қ қ ы ж а с а у ;

4) басқару жүйелеріне радио-электрондық басу;

5) нейтрондық қаруды жаппай қолдану.

Сондай-ақ Алматыға қазіргі заманғы жаппай қырып-жоятын қаруды қолдануды толық есептен шығаруға болмайды.

Алматы қаласы аумағында соғыс қимылдары салдарынан кең көлемді зақымдану ошағы пайда болуы мүмкін, сонымен бірге халық арасында көптеген шығынға ұшырау, оның өмір-тіршілік жағдайлары түбегейлі өзгеруі ықтимал; соғыс қимылдарының қазіргі заманғы сипатын ескере отырып, Мемлекеттің Алматы қаласы Азаматтық қорғанысының нақты экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, ХХІ ғасырда төмендегідей болуы тиіс:

1) соғыс қимылдарының кез-келген түрде дамуында алда тұрған міндеттерді орындай алатындай икемді және маневрлі болуы тиіс;

2) соғыс уақытында қимыл жасау үшін және табиғи, техногендік сипатта ж е д е л - м о б и л ь д і ;

3) шараларды әзірлеу және жүзеге асыру мақсатына қаржы және материал жұмсауда нақты - үнемді болу.

Осыған байланысты Азаматтық қорғаныс соғыс қимылдары немесе табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қаупінен халықты, материалдық

және мәдени құндылықтарды қорғау жөніндегі жалпы Мемлекеттік жүйе ретінде, мемлекеттің қорғаныс және әлеуметтік-экономикалық саясатының маңызды салаларының бірі болып табылады.

## **1.2. Алматы қаласы Азаматтық қорғанысын дайындау және жүргізудің негіздері**

Азаматтық қорғаныстың тапсырмаларын орындау Алматы қаласының барлық атқарушы органдары мен ұйымдарының, олардың ұйымдық-құқықтық және меншіктік түрлеріне қарамай, сондай-ақ қала тұрғындарының әр қайсысының міндеті болып табылады.

Алматы қаласы Азаматтық қорғанысын ұйымдастыру, әзірлеу және жүргізу Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс жөніндегі нормативтік, құқықтық актілеріне, сол сияқты Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғанысының бастығы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің директиваларына, Азаматтық қорғаныс бастығы Алматы қаласы Үкімінің өкімдік құжаттарына сай жүзеге асырылады.

Жергілікті қорғаныс нысандарына жатқызылған ұйымдар мен мекемелерде Азаматтық қорғаныс міндеттері ведомстволық ережелерге сәйкес шешіледі.

Алматы қаласының Азаматтық қорғанысы аумақтық-өндірістік принципке сәйкес ұйымдастырылады.

Қаланың Азаматтық қорғанысты басқару ісін, қызмет бабы бойынша Алматы қаласы Азаматтық қорғанысының бастығы болып табылатын - қала әкімі жүзеге асырады.

Қалада Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар шараларын үйлестіретін және орындалуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттігінің аумақтық бөлімшесі Алматы қалалық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы бар; ол қала әкімінің Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі жұмысшы органының міндетін атқарады.

Басқарма бастығы қызмет бабы бойынша қала Азаматтық қорғанысы бастығының орынбасары болып табылады.

Қала аудандарында Азаматтық қорғанысқа басшылықты қалалық аудандардың әкімдері жүзеге асырады.

Қалалық аудандарда төтенше жағдайлар жөніндегі қалалық басқарма бастығының және аудандық әкімдердің Азаматтық қорғаныс жөніндегі мәселелері бойынша тапсырмаларына басшылық жасау үшін аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімдері құрылған.

Аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі бөлім бастығы қызмет бабы бойынша аудандық Азаматтық қорғаныс бастығының орынбасары болып табылады.

Ұйымдардағы Азаматтық қорғанысқа басшылық жұмысын олардың бірінші басшылары жүзеге асырады, өйткені, олар қызмет бабы бойынша Азаматтық қорғаныстың тиісті бастықтары болып табылады.

Азаматтық қорғаныстың бастықтары Қазақстан Республикасы заңына сәйкес берілген өкілеттілік шеңберінде, олардың қарамағындағы аумақтарда, салалар мен ұйымдардағы Азаматтық қорғаныстың жағдайларына тікелей жауап береді.

Азаматтық қорғаныс бастықтары Азаматтық қорғанысқа басшылық жасау ісін осы саладағы тапсырмаларды шешу үшін арнайы өкілеттілік берілген басқару органы арқылы жүзеге асырады:

- 1) Алматы қалалық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы;
- 2) аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімдері;
- 3) ведомстволар мен ұйымдардағы, олардың ұйымдық-құқықтық түріне қарамай, Азаматтық қорғаныс ісі жөніндегі штабтары (бөлімдер, секторлар, қызметшілер).

Жаппай зақымдану ошақтарында авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін Азаматтық қорғаныстың күштері мен құралдары құрылады.

Азаматтық қорғаныс күштерінің құрамына аумақтық, нысандық, Азаматтық қорғаныс қызметінің және төтенше жағдайлардың құрамалары, сондай-ақ жедел-құтқару отрядтары кіреді.

Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімшелері, Азаматтық қорғаныс саласындағы тапсырмаларды шешуге Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіп бойынша тартылады.

Азаматтық қорғаныс жөніндегі шараларды орындау үшін атқарушы органдардың шешімімен Азаматтық қорғаныстың қалалық және аудандық қызметтері құрылады. Азаматтық қорғаныстың құрамы мен міндеттерін Азаматтық қорғаныстың тиісті бастықтары белгілейді.

Азаматтық қорғаныс құрамалары төтенше жағдайлардың қаупі бейбіт және соғыс кезінде туындағанда авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге арналған.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 желтоқсандағы N 1490 қаулысына сәйкес, Алматы қаласы Азаматтық қорғанысының штатын, құрамаларды жабдықтау нормасын, табиғи және климат ерекшеліктерін есепке ала отырып, нақты қауіпті және өте маңызды нысандардың мөлшеріне қарай, 10 адамға бір құтқарушыдан келетіндей есеппен белгіленеді.

Азаматтық қорғанысты дер кезінде дайындау (бейбіт уақытта) халықты, материалдық және мәдени құндылықтарды соғыс қимылдарын жүргізу немесе табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан тиімді қорғаудың

маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Алматы қаласының Азаматтық қорғанысы бейбіт уақытында төмендегі міндеттемелерді шешуге дайын тұруы керек:

1) басқару органдарын және Азаматтық қорғаныстың күштері мен құралдарын соғыс уақыты жағдайында және табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қаупі төнгенде жедел әзірлеуді қамтамасыз етуге;

2) қауіпті кезеңде және соғыс уақытында, сондай-ақ табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындау қаупі төнгенде халықты эвакуациялау жұмысын жүргізуге;

3) төтенше жағдайлар аумағында құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды орындауға;

4) Қала халқын қорғаныс орындарына орналастыруға;

5) халықты жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуге.

Азаматтық қорғаныс дайындығына жататын мәселелер:

1) Азаматтық қорғаныс жоспарларын жасау;

2) соғыс қимылдарын жүргізу немесе табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындағанда халықты қауіп-қатерден қорғану тәсілдеріне оқыту;

3) басшы құрамды Азаматтық қорғаныс шараларын ұйымдастыруға, бағыныстағы күштер мен құралдарды соғыс уақыты жағдайында басқаруға, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындау және пайда болу қаупі төнгенде іс-қимылға оқыту;

4) байланыс жүйесін құру және оларды үнемі дайындықта ұстау, Азаматтық қорғанысты соғыс қимылдары салдарынан болатын қауіп туралы хабарлап тұру;

5) халықты, материалдық және мәдени құндылықтарды қауіпсіз аумақтарға эвакуациялауға әзірлеу;

6) атқару өкіметінің басқару органдары пункттерін құру және жарақтандыру жұмысына қатысу;

7) қауіпі жоғары нысандарында, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерінде сақтандыру қорын құру;

8) бейбіт уақытында қала халқын қорғау үшін баспанасы қорын жасау, сол сияқты жеке қорғаныс құралдарын жинау;

9) баспаналарды жасау және оларды тікелей арналуына қарай, үнемі дайындықта ұстау;

10) түстік және басқа да жарық бүркемесі шараларын әзірлеу;

11) авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды орындауға қажетті күштер мен құралдарды құру және дайындау;

12) соғыс уақытында ең маңызды қала мекемелері мен экономика нысандары, халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін нысандардың тұрақты жұмыс істеуін

қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жасау және жүзеге асыру;

13) соғыс қимылдары немесе осы қимылдардың салдарынан зардап шеккен халыққа бірінші кезекте қамтамасыз ететін жағдай жасау;

14) Азаматтық қорғанысты басқару жүйесін соғыс уақытына дайындау.

Азаматтық қорғанысты жүргізу, соғыс жағдайын хабарлау, соғыс қимылдарының басталу кезінен, Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы аумағында немесе Алматы қаласында соғыс немесе төтенше жағдай туралы жариялаған кезден басталады.

Алматы қаласы Азаматтық қорғанысының жоспары Алматы қаласы Азаматтық қорғанысы бастығы белгіленген тәртіп бойынша іске қосады.

Азаматтық қорғанысты жүргізуге жататын мәселелер:

1) Азаматтық қорғаныс басқару органдары мен жүйелерін дайындыққа келтіру;

2) Азаматтық қорғаныс шараларын жүзеге асыру мобилизациялық жоспарларға сәйкес жүзеге асырылады;

3) халықты, материалдық және мәдени құндылықтарды соғыс қимылдары салдарынан туындайтын қатерден қорғау шараларын жүргізу;

4) авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу;

5) соғыс қимылдары салдарынан жапа шеккен халықтың тіршілігін бірінші кезекте қамтамасыз ету;

6) Азаматтық қорғаныс күштерінің қимылдарын қамтамасыз ету.

Азаматтық қорғаныстың күштері мен құралдарын басқару ісін Азаматтық қорғаныс басшылары басқару пунктінен жүзеге асырады.

Алматы қаласының Азаматтық қорғанысы соғыс уақыты жағдайында қамтамасыз ететін қызметтері:

1) шабуыл туралы хабар беру және халықты қорғаныс орындарына жинау;

2) халықты белгіленген нормативтерге сәйкес, жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету;

3) халықты соғыс қимылдары салдарынан туындайтын қауіп-қатерден қорғануға жаппай үйрету;

4) халықты соғыс қимылдары аймағынан және қауіпті аумақтардан көшіру;

5) жаппай қырып-жоятын қару қолдану қаупі төнген жағдайда халықты қаладан жаппай эвакуациялау (ерекше нұсқау бойынша);

6) халықты және жеке құрамды жоғары дәлдіктегі қару қолдану немесе қайталама факторлар қаупі төнгенде жарым-жартылай көшіру;

7) материалдық, мәдени құндылықтарды қауіпсіз аумақтарға эвакуациялау немесе оларды арнайы қоймаларға жасыру;

8) соғыс уақытында жұмыс істеп жатқан нысандарды және қала аумағын

жарық, сондай-ақ перделеудің басқа түрлері бойынша шаралар тобын жасау;

9) күштер мен құралдарды шабуыл жасау құралдарын қолдану зардаптарын жоюға, жапа шеккен халыққа жәрдемдесу үшін үнемі әзірлікте ұстау;

10) қала аумағындағы жағдайды үнемі бақылап тұру;

11) соғыс қимылдары жүргізілген аумақтарда тәртіп орнатып, бақылап отыру;

12) тіршілікті қамтамасыз ететін нысандар жүйесін дереу қалпына келтіру;

13) қаза тапқандарды дереу жерлеп, эпидемияның туындауына жол бермеу;

14) соғыс қимылдары салдарынан немесе осы қимылдар салдарынан зардап шеккен халықтың тіршілігін бірінші кезекте қамтамасыз ету;

15) Азаматтық қорғаныстың шараларын тұрақты түрде басқару.

### **1.3. Алматы қаласының Азаматтық қорғанысының жағдайы**

Алматы қаласында Азаматтық қорғаныстық және төтенше жағдайлардың іс-әрекетті басқару құрылымы құрылған және жұмыс істеп отыр. Халыққа дереу хабар беретін байланыс жүйесінің дайындығы қамтамасыз етілген. 051-біртұтас кезекшілік-диспетчерлік қызметі құрылған, ол ойдағыдай жұмыс істеп жатыр. Мұның өзі төтенше жағдайлар туралы хабарды қазіргі заманғы ақпарат технологиясы негізінде төтенше жағдайларды жинау, өңдеу жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік туғызды. Алматы қаласының дағдарыс орталығын құру жөніндегі жұмыс жүріп жатыр, ол тек келіп түскен хабарды ұйымдастырып қана қоймай, сонымен бірге оларды өңдеуге мүмкіндік туғызады, сонымен бірге авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге жағдай жасайды. "Алматы қаласы құтқару қызметі" Мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны құрылған. Ол жеке құраммен, қажетті техникамен, арнайы жабдықтармен, авариялық құтқару және басқа да шұғыл жұмыстар жүргізетін құралдармен жабдықталған. Халықтың төтенше жағдайлардағы, оның ішінде қазіргі заманғы қырып-жоятын қару қолданудан қорғау үшін қалада 300 зардап шеккен адамға арналған автономды терапиялық дала госпиталы және 1000 адамдық палаталық қалашық бар. Алматы қаласы әкімі мен аудан әкімдерінің қалалық және қала сыртында басқару пункттері жөндеуден өткізіліп, дайындыққа келтірілген. Азаматтық қорғаныстың мүліктерін, жұмылдыру резервтерін сақтайтын қоймалары күнделікті жөндеуден өткізілген.

Халыққа төтенше жағдайлардың туу қатері және тууы туралы хабар беру мәселесі жолға қойылған, ол кабелдік теледидардың 50 каналын, 5 теле және 7 радио коммерциялық компания, қалалық радиоландыру орталығының 3 бағдарламасы, сол сияқты хабарламаның жылжымалы құралдары арқылы жүзеге асырылмақ.

Қолда бар С-40 250 электр-дабылына қосымша қала хабары қамтымайтын

орындарға 30 электр-дабылы орнатылған.

Алайда, Алматы қаласы Азаматтық қорғанысы қазіргі заманғы талаптарға толық сай емес. Азаматтық қорғаныстың қолда бар байланыс жүйесі соғыс уақытындағы жағдайда жұмысты ойдағыдай жүргізуді қамтамасыз ете алмайды. Ерекше жағдайға арналған байланыс желісі ескірген. Қазіргі заманғы байланыс түріне ауыстырудың тек бірінші қадамы ғана жасалған сондықтан цифрлық телефон станциясы орнатылған, оптоалшықтық Азаматтық қорғаныстың басқару пункті опто-талшықтық желісіне қосылған.

Қазіргі қолда бар, халыққа хабар беру жүйесі талапқа сай емес, ол мына себептерге байланысты түбегейлі қайта құруды қажет етеді:

1) электрондық хабар беру жүйесінде пайдаланып келген С-40 аппараты ескірген, оның біразы жұмыс істемейтін шаруашылық нысандарына орнатылған;

2) халыққа теле-радио каналы арқылы хабар беру мәселесін ұйымдық-техникалық жағынан шешу тек төменгі тұрақтылығымен ғана ерекшеленеді (аппарат тек бір жерде Көктөбенің теле-мұнарасында орнатылған), барлық теле-радио хабары бағдарламасы сондықтан да кабелдік теледидардың, соның ішінде әртүрлі меншік түрлері мақсатқа сай емес.

Қорғану құрылысы жүргізілмейді. Көптеген қорғану ғимараттарында техникалық қызмет көрсету, тіршілік қамсыздандыру жүйесін жөндеу қызметі жүргізілмейді, сондықтан олардың біразы қорғанушыларды қабылдай алмайды. Жеке қорғаныс құралдары және дозиметрлік бақылау приборларының қоры төмендеп кетті, өйткені оларды белгіленген нормаға жеткізуге қаржы тапшылығы қолбайлау болып отыр.

Азаматтық қорғаныс құрамаларының дайындықтары төменгі дәрежеде болып отыр.

Қала шаруашылықтарының және халықтың соғыс кезіндегі тіршіліктерін қамтамасыз ететін кәсіпорындары мен нысандарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін шаралар өте төмен дәрежеде жүргізілуде.

Азаматтық қорғаныстың басқару органдары, өзара бірлесіп әрекет жасайтын күш құрылымдары топографиялық карталармен қамтамасыз етілмеген. Біртұтас кодировка жасау, жұмысшы карталарының біртұтас масштабтары жоқ.

Жарық және жасырынудың басқа да түрлері бойынша шаралар жүргізу жұмыстары өте баяу жүргізілуде, соғыс қимылдары салдарынан зардап шеккен халықтың тіршіліктерін қамтамасыз ететін шараларда ойдағыдай жүргізілмейді.

Жедел шешуді қажет ететін мәселелер:

1) Азаматтық қорғаныстың және нақты жаңадан қалыптасқан жағдай проблемаларын шешудегі көне көзқарас қайшылықтары (қарулы күштерді қолданудың сипаттарына, тәсілі мен масштабына, жаңадан пайда болған қару мен қару жүйелеріне, қалыптасқан әскери-экономикалық мүмкіндіктерге,

Алматы қаласы халқын көшіруге жоспарланған кейбір облыстардың құзырларына деген көзқарасты түбегейлі өзгерту);

2) ірі көлемді соғыс қимылдары, соның ішінде жаппай қырып-жоятын қару қолдана отырып, жүргізілген жағдайда, халықты, экономика нысандарын қорғау жөніндегі декларация жасау және нақты мүмкіндіктер арасындағы а й ы р м а ш ы л ы қ т а р ;

3) Азаматтық қорғаныстың бейбіт уақыттағы төтенше жағдайларды жою жұмысына қатысуға толық дайын еместігі;

4) Азаматтық қорғанысты жоспарлау және кейбір шараларды шешудегі ф о р м а л и з м ;

5) қала халқының Азаматтық қорғаныстың шараларына қатысу деңгейінің төмендеуі, қоғамда немқұрайдылық, скептицизм, Азаматтық қорғаныс шараларының тиімділігіне сенімсіздікпен қарау.

Қазіргі кезде Азаматтық қорғаныс дамуының төменгі дәрежесіне жетті десек, кателеспейміз, сондықтан оның қызметінің принципін, түрі мен тәсілін түбегейлі өзгертуді талап етеді, оның шараларын жоспарлауда және жүзеге асыруда жаңа көзқараспен қарауды талап етеді.

## **2. Алматы қаласы Азаматтық қорғанысын дамытудың басым бағыты**

Алматы қаласы Азаматтық қорғанысы дамуының басым бағыты мемлекеттің Азаматтық қорғаныс жөніндегі саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, ол ХХІ ғасырдың басында төмендегідей ерекшеліктермен айқындалады:

1) Азаматтық қорғаныстың шараларын жоспарлау және жүргізуде мемлекет пен қаланың рөлін күшейту;

2) Азаматтық қорғаныстың шараларын орындауда экономикалық факторлардың және ынталандырудың рөлін күшейту;

3) Азаматтық қорғаныстың гуманитарлық саласындағы қызметі шеңберін кеңейту;

4) Азаматтық қорғанысты жетілдіру мен дамытудың негізгі базасы ретінде қалалық төтенше жағдайларды ескерту және жою жөніндегі жүйені одан әрі жетілдіру.

### **2.1. Халықты оқыту, Азаматтық қорғанысты басқару органдарының басшылары мен мамандарын даярлау жүйесін дамытудың тиімділігін арттыру**

Халықты оқыту, басқару органдарының басшы құрамы мен мамандарын, Азаматтық қорғаныс құрамаларын даярлау "Басшы құрамды, Азаматтық қорғаныс құрамаларын даярлау және халықты төтенше жағдайлардың әрекеттеріне оқыту жүйесі" Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін шеңберінде жүзеге асырылады және жүргізіледі. Басшы құрамды және басқару



органдары мамандарын, Азаматтық қорғаныстың жеке құрамын даярлауда барлық қолда бар тәсілдер мен даярлау әдістемелері пайдаланылады, соның өзінде олардың басым бағыты командалық-штабтық және Азаматтық қорғаныстың кешенді жаттығулары, штабтық және нысандық жаттығулары, сондай-ақ Азаматтық қорғаныстың құрамаларымен жүргізілетін тактикалық арнайы жаттығулары болып табылады.

Оқушы жастарды даярлау тіршілік қауіпсіздігі бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады.

Өндіріс және қызмет көрсету саласында істемейтін халықты даярлау жалпы ақпарат құралдарының көмегімен ақпараттық оқыту есебінен, сонымен бірге өздігінен оқыту арқылы жүзеге асырылады.

Азаматтық қорғаныс жөніндегі даярлық жүйесінің негізгі бағыттары болып табылатындар:

1) Азаматтық қорғаныс саласында халықты және мамандарды кешенді мақсатты бағдарламасын жасау, сондай-ақ жүзеге асыру;

2) Алматы қаласы халқын даярлаудың құрамын және тәртібін анықтайтын нормативтік, құқықтық құжат жасау және қабылдау;

3) Азаматтық қорғаныстың командалық-штабтық және кешенді нысандық жаттығулары, сол сияқты Азаматтық қорғаныстың құрамаларымен жүргізілетін тактикалық арнайы жаттығулар жүргізудің тиімділігін арттыру жөнінде кешенді шаралар жасау;

4) Азаматтық қорғаныстың жаңа және қолда бар оқу-материалдық базасын жасау, жетілдіру;

5) Азаматтық қорғаныс саласы бойынша, Алматы қаласының регионалдық ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық категориясын даярлаудың оқу бағдарламасын жасау және енгізу;

6) даярлық жүйесіне қазіргі заманғы ақпарат технологиясын компьютерлік оқу бағдарлама, бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайларға төселу жөніндегі компьютерлік ойындарды енгізу;

7) "Ұлан" түріндегі ойын практикасын кеңейту, "Жеткіншек құтқарушылардың" арнайы жаздық лагерлерін ұйымдастыру, кадет корпусын құру т.б.;

8) Алматы қаласында Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бойынша оқу-консультативтік пункттердің жүйесін құру;

9) бейбіт және соғыс уақытындағы тіршілік қауіпсіздігі, сондай-ақ төтенше жағдайлардан қорғану жөнінде қазіргі заманғы оқу-әдістемелік және әдеби, көрнекі құралдар жасау және басып шығару;

10) қоғамдық және ұйымдар қозғалысын жасау, дамыту, олар өз қызметін бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлардан қорғану, кеңінен тарату,

насихаттау арқылы жүзеге асырады;

11) бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлардан қорғану жөніндегі білімдерін, насихатын теле-радио хабарларын ұйымдастыру;

12) авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстар технологиясын практикалық пысықтау үшін полигондар жасау;

13) Қазіргі заманғы құтқару технологиясы тәсілдерін игерудің компьютерлік оқыту және жаттығу бағдарламасын құру.

## **2.2. Азаматтық қорғаныстың хабарландыру жүйесін жетілдіру**

Хабарлама жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары:

1) Дағдарыс орталығын құру;

2) халыққа электрондық-дабылдық жүйені жаңарту;

3) қаланың біртұтас кезекшілік-диспетчерлік қызметін кеңейту;

4) геохабарламалық жүйені енгізу;

5) байланыстың сандық желісімен, телерадиоканалында, соның ішінде кабельдік теледидар каналы бойынша жұмыс істейтін хабарламаның қазіргі заманғы аппаратын жасау және енгізу;

6) қауіпті аймақтарда орналасқан нысандар халқына хабар берудің локалдық жүйесін кеңейту, олардың біртұтас кезекшілік-диспетчерлік қызметі қоса болуы т и і с ;

7) радиотрансляциялық желісі каналы бойынша жұмыс істейтін халыққа хабар беретін жүйені жаңарту;

8) халыққа хабар беретін, дыбыс жазатын құралдардың жаңа түрін енгізу;

9) энергияға тәуелді емес базалық стационарлық және мобилдік түрлерінің халыққа хабар беретін дыбыс жазу құралдарының жаңа түрлерін енгізу.

## **2.3. Эвакуациялық шараларды жетілдіру**

Қазіргі заманғы соғыстарда және қарулы қақтығыстарда халықты қауіпті аудандардан эвакуациялау қорғаудың іс-әрекеттік тәсілдерінің бірі болып табылады. Эвакуациялық шараларды ұйымдастыру мен жүргізу Алматы қаласының сыртқы факторларын және ерекшеліктерін есепке ала отырып, айтарлықтай қайта құруды қажет етеді. Сыртқы факторларға жататындар:

1) облыстың мәртебесі өзгеруіне байланысты Алматы қаласынан көшірілетіндерді орналастыратын базаның қысқартылуы;

2) Әкімшілік басқару әдісінен экономикалық басқаруға ауысу;

3) Мемлекеттік мекемелердің үлесін бірден қысқарту арқылы экономикада жаңа ұйымдық-құқықтық құрылым құру;

4) қаржыландыру және эвакуациялауға дайындық шараларын алдын ала жүргізу тәртібін белгілейтін нормативтік-құқықтық құжаттардың жоқтығы.

Эвакуациялау жұмыстарын жүргізу және ұйымдастыруға әсер ететін

мегаполистің

ерекшеліктері:

- 1) қала сыртындағы меншіктік аймақтың болмауы;
- 2) Республикалық нысандардың, сонымен бірге шетелдік капиталдың қатысуымен акционерлік мекемелердің көп болуы;
- 3) Алматы қаласында аккредитацияланған халықаралық мекемелердің, елшіліктердің дипломатиялық миссиялардың көптігі;
- 4) эвакуациялауға жататын материалдар және қаржы-қаражаттың, мәдени байлықтардың бірталай көлемде болуы;
- 5) уақытша тұрғындардың (уақытша жұмысшылар, іссапарға келгендер) және транзиттік жолаушылардың көп болуы.

Эвакуациялау шараларын жүргізуді жетілдірудің негізгі бағыттары:

1) Алматы қаласы деңгейінде, сондай-ақ Алматыдан эвакуацияланатындарды қабылдайтын облыстар деңгейінде эвакуациялау шараларын жүргізу мен дайындық жұмыстар саласындағы қатынастарды белгілейтін (сонымен ішінде қаржылай) нормативтік-құқықтық және әдістемелік құжаттардың топтамасын әзірлеу және қабылдау;

2) қабылдайтын облыстардың нақты мүмкіншіліктерін есепке ала отырып, халықты және материалдық құнды заттарды қала, қала ауданы деңгейінде эвакуациялауды жоспарлау құжаттарын қайта өңдеу.

#### **2.4. Халықты инженерлік қорғауды жетілдіру**

Инженерлік шаралар саласында бірінші кезектегі мәселе жұмылдыру және соғыс кезінде өз қызметтерін жалғастыратын мекемелердің көпшілік жұмыс істеуші сменаларына арналған қорғаныс ғимараттарының қорын көбейту болып табылады (мекемелердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді)

- 1) жұмыс істеуші сменадағы жұмысшылар тіршілікті қамтамасыз ету нысандарындағы кезекші құрам;
- 2) тасымалдауға жарамайтын аурулар мен оларға қызмет көрсететін медқұрам ;
- 3) жұмысқа жарамды тұрғындар.

Қалған халық үшін төменде орналасқан ғимараттарды, жер асты өткелдері және басқа да қалалық жер асты нысандарын бейімдеу шаралары жүргізіледі.

Инженерлік қорғаудың негізгі бағыттарын жетілдіру:

- 1) қорғаныс ғимараттарының (соның ішінде жалға берілген) жағдайы, оларды өңдеу және қазіргі заманның талабына сай қайта жабдықтау мониторингін тұрақты түрде ұйымдастыру;
- 2) Азаматтық қорғаныстың жаңа талаптарын және қаланың ерекшелігін есепке ала отырып, қала құрылысы нормасын қайта жасау;
- 3) жер асты нысандарын бейімдеу және пайдалану саласында қала саясатын

анықтайтын нормативтік-құқықтық құжаттар топтамасын қабылдау;

4) жұмысқа жарамды халық үшін тұрғын үй құрылысы мен нысандарда қорғаныс ғимараттары құрылысын ұйымдастыру;

5) қорғаныс ғимараттарында тіршілікті қамтамасыз етудің қазіргі заманғы құралдарын әзірлеуді ұйымдастыру;

6) қорғаныс ғимараттарын қосымша салу, сондай-ақ бейбіт уақытта және қауіп төнген кезеңде салынатын бір үлгідегі қорғаныс ғимараттарының бірыңғай жобасын жасауды ұйымдастыру;

7) соғыс кезінде жылдам салынатын бекініс орналастыруды және құрылысын жоспарлау.

### **2.5. Өртке қарсы қорғанысты жетілдіру**

Әскери күш қолданылғанда немесе оның салдарынан туындайтын өртке қарсы күресті ұйымдастыру Азаматтық қорғаныстың негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Оның тиімді орындалуы өртке қарсы күрестің ұйымдық-техникалық кешенді шараларын алдын ала жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Өрттен қорғануды жетілдірудің негізгі бағыттары:

1) өрттен қорғану күштерін ұнтақ және көмір қышқылмен сөндіретін өрт автокөліктерімен, көлемі 20 тоннадан артық өртавтоцистерналарымен қамтамасыз ету;

2) 30 рет шақыруға шығатын, 3 км шеңберінде қызмет көрсететін 6 өрт депосын салу;

3) қаланың негізгі магистралдарында өрт автокөліктеріне пирстар, көлемі 3 мың куб/м, 45 су қоймасын салу;

4) өрттен қорғанудың нысандық күштерін құру және тұрақты дайындықта ұстау;

5) Алматы қаласының құрылысы саясатын қалыптастыруда өрттен қорғану қауіпсіздігі шараларын жүзеге асыруды қадағалау тиімділігін арттыру;

6) Алматы қаласында жаңа құрылыс, ғимараттарды қайта жаңарту кезінде өртке қарсы төзімділігі күшті құрылыс материалдарын пайдалану;

7) мемлекеттік өрттен қорғау бас басқармасының жеке құрамын кәсіби даярлау мектебінің негізінде спорттық-жаттығу мұнарасымен, психологиялық дайындық өткізу, компьютер класымен жабдықталған оқу-жаттығу орталығын құру;

8) Алматы қаласының нысандарында және сауықтыру аймақтарында өртке қарсы қауіпсіздік шараларының тұрақты мониторингін ұйымдастыру.

### **2.6. Радиациялық, химиялық, биологиялық қорғанудың тиімділігін арттыру**

Қалада өндірістік қауіпті заттарды пайдаланатын нысандардың көп болуы, лаңкестік актілер қауіпінің азаймауы, радиациялық, химиялық, биологиялық қорғауға аса көңіл бөлуді талап етеді. Оның негізгі бағыттарын жетілдіру:

1) Алматы қаласының қауіпті өндіріс нысандарына декларация енгізу бойынша жұмыстарды жандандыру;

2) мониторинг жүйесінің бір элементі ретінде қадағалау және лабораториялық бақылауды дамыту;

3) әскери күш қолдану мен лаңкестік актілердің салдарынан зақымдану мүмкіндігін есепке ала отырып, радиациялық, химиялық, биологиялық нысандарды паспорттандыру;

4) қауіпті нысандарда бақылау және хабарлау жүйесін құру;

5) қалалық нысандарды газсыздандыру және дезактивизациялау жұмыстарын жүргізуге бейімдеу үшін бірыңғай жобалық шешімдер дайындау;

6) санитарлық өңдеуге дезактивизациялау және газсыздандыруға бейімделетін нысандарды түгендеу;

7) жеке қорғаныс құралдарының дезактивизациялау және санитарлық өңдеу жұмыстарын жүргізуге арналған құралдарды талапқа сай деңгейге жеткізу.

## **2.7. Медициналық қорғауды жетілдіру**

Медициналық қорғауға, Азаматтық қорғаныстың шараларын жүргізу аймағында жүргізілетін санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларын кешенді ұйымдастыру жұмыстары жатады және ол халықты қорғау жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады.

Медициналық қорғау жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары:

1) мегаполистің ерекшелігін есепке ала отырып, халықты медициналық-санитарлық қорғау жұмыстарын жүргізу және ұйымдастыру принциптерін жасау;

2) меншік түріне және идаралық бағыныстылығына қарамастан медициналық мекемелерді түгендеу және медициналық қорғаудың қажетті және жеткілікті күштерін топтастыру;

3) экономикалық нысандарда санитарлық жасақтар құру және оларды керекті құралдармен жабдықтау;

4) қаланың медициналық қызметі мен құрамаларын санитарлық-шаруашылық және басқа да арнайы құралдармен жабдықтау, оның негізінде медициналық және басқа да ресурстардың резервін құру;

5) "Қалалық медициналық апат орталығын" құру;

6) ТЖ ескерту және жою шараларына қатысатын қызметкерлер мен азаматтар үшін "Қалалық медициналық сауықтыру орталығын" құру;

7) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық зардабын жою үшін жылжымалы дала

госпиталдарын

ұйымдастыру;

8) ғимараттарды медициналық мекемелерге бейімдеудің бірыңғай шешімін табатын нормативтік-әдістемелік құжаттарды жасау және қабылдау;

9) бірыңғай санитариялық құралдармен монтаждау үшін автобус паркін ж а б д ы қ т а у ;

10) соғыс уақытында халықты жаппай иммунизациялау және жедел йодтық профилактикалық жұмыстарын жүргізу тәртібін белгілейтін кешенді нормативтік-әдістемелік құжаттарды жасау және қабылдау;

11) медициналық қорғаныстың қажетті резервін құру.

## **2.8 Әскери күш қолданылған жағдайда немесе оның салдарынан зардап шеккен халықтың тіршілігін бірінші кезекте қамтамасыз ету дайындығын күшейту**

Әскери күш қолданылған жағдайда немесе оның салдарынан зардап шеккен халықтың тіршілігін бірінші кезекте қамтамасыз ету, өз шешімін табу үшін көп күш пен қаражат жұмсауды, әр түрлі мамандандырылған мекемелердің қатысуын , алдын ала жоспарлауды және соғыс кезінде осы процесті басқару жүйесін жұмыспен өтеуді талап ететін, Азаматтық қорғаныс аясындағы жан-жақты, көлемді басым бағыттардың бірі болып табылады.

Зардап шеккен халықтың тіршілігін бірінші кезекте қамтамасыз етуге дайындық жұмыстарының негізгі бағыттары:

1) зардап шеккен халықтың тіршілігін бірінші кезекте қамтамасыз ету саласында, сонымен бірге қаражат көлемі төмендемейтін бірінші кезектегі тіршілікті қамтамасыз ету бойынша қала саясатын анықтаушы нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлеу және қабылдау;

2) тіршілікті бірінші кезекте қамтамасыз етуші қала нысандарының тізбесін жасау және оларды паспорттандыру;

3) қала аумағында халықтың тіршілігін бірінші кезекте қамтамасыз ету нысандарын орналастырудың бас сызбасын әзірлеу, оны жүзеге асыру үшін мемлекеттік бақылау ұйымдастыру;

4) тіршілікті бірінші кезекте қамтамсыз етуге бейімделген нысандарды жаңарту бойынша жобалық шешімдерді әзірлеу;

5) тіршілікті бірінші кезекте қамтамсыз ету үшін керек жарақтардың қорын ж а с а у ;

6) мекемелердегі азық-түлік, бірінші кезектегі қажетті тауарларды сақтау, оларды химиялық және радиациялық зақымданған аймақта қалдырмау үшін өз уақытында басқа базаға көшіру бойынша кешенді ұйымдық-техникалық шараларды жүзеге асыру.

## 2.9. Авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге дайындықты күшейту

Азаматтық қорғаныстың тиімділігі көбінесе күштер мен құралдардың әскери күш қолдану немесе оның салдарынан пайда болған зақымдану аймағында авариялық құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге дайындығы арқылы анықталады.

Авариялық құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге дайындықты күшейтудің негізгі бағыттары:

1) қаланың тығыз құрылысы жағдайында зақымдану аймағын және авариялық құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу көлемін есепке ала отырып Алматы қаласының, қала аудандарының Азаматтық қорғаныс күштері топтарын құру;

2) инженерлік қорғанудың арнайы техникамен және құралдармен жабдықталған мобильдік отрядтарын құру;

3) соғыс кезінде туындауы мүмкін болған жағдайларды есепке ала отырып, Қорғаныс Министрлігінің күштерімен өзара іс-қимыл жасау жоспарларын пысықтау;

4) Оқу және жаттығу барысында Азаматтық қорғаныстың нысандық және аумақтық күштерінің өзара іс-қимыл жүйесін тәжірибе жүзінде жұмыспен өтеу;

5) Азаматтық қорғаныстың аумақтық және нысандық құрамаларын техникамен және мүліктермен қамтамасыз ету қарастырылған штаттық тізбеге сәйкес, мекемелердегі өндірістік қызметті қамтамасыз ететін арнайы техника және мүлік есебінен жабдықтау;

6) Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар Агенттігінің белгіленген нормативке сәйкес Азаматтық қорғаныс құрамаларын техникамен және мүлікпен қамтамасыз ету (жеке қорғаныс құралдары, дозиметрлік аппаратура, радиациялық барлау құралдары, байланыс құралдары, жеке медициналық қорғану құралдары);

7) Азаматтық қорғаныс күштерін техникамен жабдықтаудың тиімді жүйесін дамыту;

8) Азаматтық қорғаныс күштерінің техникалық құралдарына қызмет көрсету және жөндеу жүйесін құру;

9) Авариялық құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін техникалық құралдар мен жанар-жағар май материалдары резервін (қалалық, аудандық және нысандық) құру;

10) тығыз қала құрылысы жағдайында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізудің жаңа технологиясын енгізу.

## **2.10. Азаматтық қорғанысты басқару және байланыс жүйесін жетілдіру**

Азаматтық қорғанысқа жүктелген мәселелерді орындау үшін жаңа техникалық құралдармен жабдықталған, қажет болған жағдайда қысқа уақыт ішінде бейбіт кезеңнен соғыс кезеңге өтетін сенімді, тұрақты жұмыс істейтін басқару жүйесі қажет. Осындай жүйенің негізі басқару пункті, байланыс және хабарлау тораптары болып табылады.

Азаматтық қорғанысты басқару жүйесінің тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары :

1) қала аудандары мен нысандарға дейін Азаматтық қорғаныс шараларын жоспарлау жүйесін жетілдіру;

2) Азаматтық қорғаныстың басқару жүйесінің орнықтылығын арттыру бойынша (басқару пункттерінің қызмет ету тұрақтылығы, кешенді автоматтандырылған құралдардың болуы және деректерді беру т.б.) кешенді ұйымдық-техникалық шешімдерді әзірлеу және оны жүзеге асыру;

3) Азаматтық қорғаныстың Қазақстан Республикасы Қарулы күштері, Азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен құрамаларының қатарында запаста жүрген басшы қызметкерлерге арнап қызмет орындарын ұстап отыруды қамтамасыз ету ;

4) Запастағы басқару пункттерінің жағдайын түгендеу және оларды модернизациялау бойынша бірыңғай техникалық шешімдерді әзірлеу;

5) қаланың маңызды нысандарын сақтандыру қорының құжаттарын жасау, азаматтық қорғаныстың басқару органдарын техникалық ақпаратты микрографикалық тасымалдау жұмыс құралдарымен жабдықтау;

6) Басқарудың барлық деңгейінде Азаматтық қорғаныс бастықтарының шешімдерін ақпараттық қолдаудың кешенді бағдарламасын жасау және енгізу;

7) Азаматтық қорғаныстың мобильдік басқару пунктін спутниктік байланыс құралдарымен және қарулы күштердің байланыс торабы мен ведомстволық байланыс желісіне қосылатын құралдармен жабдықтау;

8) Соғыс уақытына арналған Алматы қаласының біртұтас байланыс жүйесін құру ;

9) Бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайларға шұғыл мән беру үшін Алматы қаласының басқару органдарының мобильдік байланыс жүйесін құру;

10) Азаматтық қорғаныстың құрамаларында пайдаланылып жүрген, сондай-ақ ұзақ мерзімдегі сақтау қоймаларындағы ескі байланыс құралдарын әскери және жалпы қолданылатын жаңа байланыс құралдарына ауыстыру.

**2.11. Қала аумағындағы жағдайдың мониторингтік тиімді жүйесін қалыптастыру (радиациялық,**



**химиялық, биологиялық, инженерлік, өрт, гидродинамикалық)**

Қазіргі кезеңде барлық күштер мен құралдарды ұйымдастыру және қызмет етуде Алматының барлық аумағындағы жағдайды тиімді бақылауды қамтамасыз ететін, мониторингтік жүйеге біріктіру қажеттілігі туындады.

Мониторинг жүйесін құру мен дамытудың негізгі бағыттары:

1) Алматы қаласында орналасқан мониторинг мәселелерін шешетін барлық мекемелерді (меншік түріне, және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) т ү г е н д е у ;

2) бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайларда қаланың мониторингтік жүйесін құру және оның қызмет ету (сонымен бірге қаржылай қамтамасыз ету) тәртібін анықтайтын нормативтік құқықтық құжаттардың топтамасын жасау және қабылдау;

3) қаланың орталық мониторингтік жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қалалық мониторингтік және ТЖ болжау орталығын құру;

4) мониторингтің радиациялық, химиялық, биологиялық, инженерлік, өрт, гидродинамикалық жағдайы, сонымен бірге азық-түлік және қоршаған ортаны радиактивтік, химиялық және биологиялық зақымдану дәрежесін анықтау тәсілдері мен техникалық құралдарын жетілдіру;

5) Алматы қаласының ерекшелігін есепке ала отырып, зақымдану аймағындағы жағдайды болжау тәсілдерінің бағдарламасын әзірлеу және қ а м т а м а с ы з е т у ;

6) мониторингтің бастапқы желілерінің дәрежесін, жағдайды бақылауда қажетті және жеткілікті нақты бағалауға дейін жеткізу;

7) ғарыштық мониторингтің мәліметтерін пайдалана отырып, Алматы қаласының сейсмикалық қаупін бағалау технологиясын жасау;

8) Алматы қаласының сейсмикалық қаупі мен микросейсмикалық аудандастыру картасын жасау;

9) гидрогеологиялық, сәулеттік, сейсмологиялық және санитарлық сипатын есепке ала отырып, Алматы қаласы мен оның төңірегіндегі аумақтардың жер асты суларының тоғысу аймағын кешенді зерттеуді жүзеге асыру;

10) құралдарды сынақтан өткізетін қалалық зерттеу орталығын және автокөліктің зиянды әсерінен қоршаған ортаны қорғайтын технология құру;

11) жер асты және су беті мониторингі мемлекеттік жүйесін қалпына келтіру;

12) көшкін процесі мониторингін ұйымдастыру.

**2.12. Қалалық нысандардың соғыс уақытында тұрақты жұмыс істеуіне дайындық деңгейін арттыру**

Азаматтық қорғаныстың негізгі міндеттерінің бірі қаланың ең маңызды нысандары соғыс кезінде тұрақты жұмыс істеуінің қажетті деңгейіне жету болып табылады, яғни қала қажетінің мүмкін болған мөлшерімен берілген номенклатурада және қажеттік көлемінде өнім өндіру есебінен қамтамасыз ету болып табылады. Мұның өзі ұйымдық, экономикалық және техникалық шаралар кешенін оңтайлы уақытта жүргізу арқылы қол жеткізіледі, олар неге бағытталады :

1) қазіргі заманғы зақымдау құралын қолдану нәтижесінде мүмкін болатын шығындар мен талқандау деңгейін соның ішінде жасыру құралдарын пайдалану есебінен төмендетуге ;

2) қала нысандарын ресурспен қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру соның ішінде сумен, жылумен, электр қуатымен қамтамасыз ету бар;

3) өндірістік қуаттылықтарды қалпына келтіру өнеркәсіптің бүлінген нысандарын, тіршілік жүйелерін, қамтамасыз ету жүйелерін мейлінше қысқа мерзімде қалпына келтіру жағдайын жасау;

Соғыс уақытында қызметін жалғастыратын нысандардың тізімін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қала нысандарының соғыс уақытында тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етудің басты бағыты :

1) соғыс уақытында қызметін жалғастыратын нысандардың тізімін жасау және бекіту ;

2) Алматы қаласының ерекшеліктерін есепке ала отырып, қала нысандарының жұмыс істеу тұрақтылығын арттыру жөніндегі талаптарды жария ететін нормативтік құжаттар тізімін жасау және қабылдау;

3) өнеркәсіп нысандары мен тіршілікті қамтамасыз ететін жүйелердің тұрақты жұмыс істеуіне бағытталған жобалау ұйымдық-техникалық шаралар жөніндегі қалалық нормативтік, құқықтық құжаттар жасау және қабылдау;

4) қалалық нысандардың әшкереленуін төмендететін қазіргі заманғы тәсілдерді пысықтау жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмысты жүргізу, оларды ең маңызды деген нысандарға енгізу;

5) құрылыс кешені кәсіпорындарының мүмкіндіктерін есептеу, оларды бүлінген нысандарды қалпына келтіруге әзірлеу;

6) ең маңызды нысандарды қалпына келтіру үшін сақтық қорын жасау жөніндегі жұмысты өрістетуге ;

7) Алматы қаласын дамытудың бас жоспарын, қала аумағының қала құрылысы жоспарын, сонымен бірге соғыс уақытында қала экономикасының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды жүзеге асыру жөніндегі инвестициялық бағдарламаны анықтау;

8) қаланы дамытудың перспективалық негізгі бағытын жасау, ондағы мақсат

соғыс уақытында автономды жұмыс істеуі мүмкіндіктерін барынша пайдалану;

9) соғыс уақытында қала нысандарының тұрақты жұмыс істеуге әзірліктері жағдайына бақылау жасау үшін қала әкімшілігі жанынан арнайы комиссия құру жолымен ұйымдастыру.

### **2.13. Материалдық және мәдени құндылықтарды қорғау жүйесін құру**

Материалдық және мәдени құндылықтарды қорғаудың негізгі тәсілдері, оларды арнайы сақтықтағы жасыру және қауіпсіз аумақтарға көшіру. Оларға иелік еткен ведомстволармен ұйымдардың күшімен жүзеге асырылады. Материалдық және мәдени құндылықтарды қорғаудың негізгі бағыттары:

1) қала әкімшілігінің иелігіндегі және Азаматтық қорғаныс шаралары шеңберінде қорғауға жататын материалдық, мәдени құндылықтардың тізімдері мен критериясын жасау;

2) материалдық және мәдени құндылықтарды эвакуациялау, қауіпсіз аудандарға эвакуациялау үшін арнайы сақтық орнын белгілеу және келісу;

3) ведомстволық, аумақтық звенолардағы материалдық және мәдени құндылықтарды қорғау жөніндегі шараларды жоспарлау жөнінде ұсыныс жасау;

4) материалдық және мәдени құндылықтарды сақтайтын, оларды эвакуациялау үшін ыдыстардың запасын жасау;

5) материалдық және мәдени құндылықтарды эвакуациялау аумағы мен орынды әзірлеу және белгілеу;

6) арнайы сақтық орнының желісін арттыру;

7) материалдық және мәдени құндылықтарды эвакуациялау үшін арнайы көлік құралдарын дайындау.

### **2.14. Соғыс қимылдары болғанда зардап шеккен аудандарды қалпына келтіру және оларда тәртіп орнату, қаза болғандарды жерлеу жөніндегі тапсырмаларды шешуге дайындықты арттыру**

Бұл сала қызметінің негізгі бағыттары:

1) қоғамдық тәртіпті қалпына келтіру және қолдау жөнінде күш топтарын құру;

2) қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі шеңберінде қаза болған халықты есепке алатын құрама құру;

3) Азаматтық қорғаныстың салттық қызметіне қаза болғандарды жерлеуге тасымалдау үшін арнайы техниканы есептеу және бекітіп беру;

4) зақымданған аудандардағы қоғамдық тәртіпті сақтайтын күзет қызметі үшін жеке қорғану құралдарының запасын жасау;

5) қаза тапқандарды ыңғайлау және оларды жерлеу тәсілін тәртіпті белгілейтін нұсқаулық-әдістемелік құжаттар жасау (бауырластар зиратын

кремациялау, жекелей жерлеу);

6) қаза болғандарды жаппай жерлеу үшін арнайы құралдар запасын жасау;

7) қаза болғандармен жұмыс істеу үшін арнайы киім-кешек жасау және ж е т і л д і р у ;

8) Алматы қаласында тіркелген халықаралық ұйымдардың өкілдіктерімен және дипломатиялық миссияларымен аймақтарды қалпына келтіру және тәртіп сақтау жөнінде келісім жасау, келісу.

### **3. Азаматтық қорғанысты қаржымен қамтамасыз ету**

Азаматтық қорғанысты даярлау және жүргізу жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін қаржымен қамтамасыз етудің ықпалды жүйесін жасау керек.

Алматы қаласы Азаматтық қорғанысын қаржыландыру:

1) Республикалық бюджет қаражаты есебінен;

2) Жергілікті бюджет қаражаты есебінен;

3) Шаруашылық нысандары қаражатының есебінен Азаматтық қорғаныс жөніндегі шараларды әзірлеу және жүргізу барысында қала мен ұйымдар шығыны осы мақсаттарға қарастырылған Республикалық бюджет қаражаты е с е б і н е н ө т е л е д і .

Азаматтық қорғаныс жөніндегі шараларды әзірлеу және жүргізу оларға берілген өкілеттілікке сәйкес жүзеге асырылатын шығын жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады:

1) Азаматтық қорғаныс жоспарларын және қаланың Азаматтық қорғаныс мәселесі жөніндегі, сондай-ақ төтенше жағдайларды ескерту және жою ж о с п а р л а р д ы жүзеге асыру;

2) Азаматтық қорғаныстың басқару органдарын және оның күштерін үнемі д а й ы н д ы қ т а ұ с т а у д ы қ о л д а у ;

3) қатері жоғары нысандарды, тіршілікті қамтамасыз ету және адамдар көп жиналатын нысандардың құжаттық сақтық қорын жасау;

4) Азаматтық қорғаныс құрамаларын әзірлеу және соғыс қимылдарын жүргізу барысында туындаған қатерден халықты сақтану тәсіліне үйрету;

5) техникалық басқару жүйесін және Азаматтық қорғаныс нысандарын үнемі д а й ы н д ы қ жағдайында құру және қолдану;

6) халықты, материалдық, мәдени құндылықтарды қауіпсіз аумақтарға эвакуациялауға, оларды орналастыруға, зардап шеккен халықты қамтамасыз етуге қажетті емдеу және басқа да мекемелерді жайғастыру жөнінде шаралар ж ү р г і з у ;

7) ұйымдардың соғыс уақытында тұрақты жұмыс істеулерін қолдау жөнінде ш а р а л а р жүргізу ;

8) Азаматтық қорғаныс мақсатына материалдық-техникалық, азық-түліктік, медициналық және басқа да құралдар запасын жасау және қолдау;

9) Азаматтық қорғанысты басқару ісін жүзеге асыратын Азаматтық қорғаныс қ ұ р а м ы н ұ с т а у ;

Азаматтық қорғаныс шараларын әзірлеу және жүргізу ұйымдарға берілген өкілеттілікке сәйкес жүзеге асыратын ұйымдардың қаражаты есебінен қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы :

1) Азаматтық қорғаныстың жоспарларын, Азаматтық қорғанысты ұйымдастыру мәселесі жөніндегі негізгі шаралары және төтенше жағдайларды ескерту және жою жоспарларын жасау, жүзеге асыру;

2) Азаматтық қорғаныстың құрамаларын құру, оларды үнемі дайындықта ұ с т а у ;

3) соғыс уақытында өзінің тұрақты жұмыс істеуін қолдау жөнінде шаралар жү р г і з у ;

4) соғыс қимылдары барысында туындаған қауіптен қорғануға өз қызметшілерін оқыту жұмысын жүзеге асыру;

5) хабарландырудың локалдық жүйесін тұрақты пайдалануға жасау және қ о л д а н у ;

6) Азаматтық қорғаныс мақсатында материалдық-техникалық, азық-түліктік, медициналық және басқа да қажетті заттардың қорын жасау, оларды сақтау;

7) сақтық қоры құжаттарын жасауға құжаттар әзірлеу.

Азаматтық қорғанысты қаржылай қолдаудың бағыттарын жетілдірудің негізгі б а ғ ы т т а р ы :

1) Азаматтық қорғаныс шараларын аумақтық және нысандық деңгейде жоспарлаудың біртұтас қалалық тәртібін насихаттайтын нормативтік-құқықтық құжаттар жасау және қабылдау.

#### **4. Азаматтық қорғанысты даярлау және жүргізуді ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету**

Соңғы ондаған жылдарда Қазақстан Республикасы өмірінде болған экономикалық және саяси өзгерістер, соғыс қимылдарын жүргізудің қазіргі заманғы тәсілдерінің дамуы, сол сияқты Алматы қаласының ерекшелігі Азаматтық қорғаныс шараларын ғылыми қамтамасыз етуді қажет етеді.

Азаматтық қорғанысты даярлау және жүргізуді ғылыми тұрғыда қамтамасыз етуді дамытудың негізгі бағыттары:

1) әр түрлі көлемдегі және сипаттағы соғыс қимылы бола қалған жағдайда халықты, қала нысандарын зақымдау көлемінің көрінісін базалық негіздеу және ж а с а у ;

2) қаланы және қала сыртындағы аймақты дамытудың қазіргі заманғы инфрақұрылымы жағдайында эвакуациялық шаралар жасау және жүргізу;

3) Азаматтық қорғаныс күштері мен құралдарын жұмылдыру жүйесін жетілдіру, басқару органдарының, экономиканың, Қарулы күштер мен

Азаматтық қорғаныстың жұмылдыру шараларын байланыстыру;

4) Алматы қаласы аумағын санаттау әдістемесін жасау, Алматы қаласы Азаматтық қорғаныс күші мен құрылымын оптимизациялау;

5) соғыс уақытында экономиканың тұрақты жұмыс істеуі және халықтың өмір сүруі үшін қажетті болатын экономика нысандарын, құралдарын сақтау және оптимизациялау тәсілдерінің негізін жасау;

6) Алматы қаласының соғыс уақытындағы жағдайын болжау мониторинг жүйесін жасау және жетілдіру;

7) Азаматтық қорғаныс бойынша оқу-әдістемелік негіз жасау және жетілдіру, ол оқытудың қазіргі заманғы тәсілдері мен техникалық құралдарды пайдалануға негізделуі тиіс;

8) авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды қаланың тығыз құрылыс жағдайында жүргізудің тиімді технологиясын жасау;

9) қала халқын қорғаудың тиімді тәсілдері мен құралдарын жасау;

10) қалалық ақпарат ресурстарын тиімді пайдалану негізінде, Азаматтық қорғанысты басқару жүйесін жетілдіру.

## **5. Алматы қаласы Азаматтық қорғанысының негізгі даму бағытын жүзеге асыру**

Алматы қаласы Азаматтық қорғанысының негізгі даму бағыты атқарушы өкімет органдарымен, мына жолмен іске асады:

1) Азаматтық қорғаныс бойынша іс-шараларды іске асыру қорын, ұйымдардың шығыс сметаларында, қалалық бюджетке жыл сайынғы жоспарлауда;

2) Азаматтық қорғаныстың мақсатты бағдарламасын жасау, іске асыру, төтенше жағдайдан аумақты және халықты қорғау;

3) бейбіт және соғыс кезінде төтенше жағдайдан қорғану заттарын және тәсілдерін жетілдіру мәселелері бойынша іс жүзіндегі нормативтік құқықтық актілерді нақтылау және жаңаларын жасау;

4) Азаматтық қорғаныстың керекті және жеткілікті іс-шараларын есепке ала отырып (орнықтылық, емдеу-эвакуациялық мәселелер), Алматы, Жамбыл, Талдықорған облыстарының атқарушы органдарымен бірлесіп, Оңтүстік аймақтың дамуының кешенді жоспарын жасау.

Азаматтық қорғаныс саласындағы қалалық саясат, Азаматтық қорғаныс қызметі арқылы іске асады;

Соғыс уақытында халықты қорғау саласындағы жұмыстар, Алматы қаласы және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен санаса отырып, кезең бойынша жүзеге асырылады.

Олардың ішінде алғашқы кезектегілер:

1) бірінші кезекте 2005 жылға дейін халықты қорғау саласында, оларға жаңа талаптар мен жағдайларды есепке ала отырып, нормативтік құқықтық базасын құру, қолда бар ұжымдық және жеке қорғаныс керек жарақтары дайындықта ұстау және сақтау, қауіпті экономика нысандарында істейтін құрамды, Азаматтық қорғаныстың азаматтық ұйымдарындағы жеке құрамды, халыққа хабар беру жүйесін (жаңарту) жасау;

2) екінші кезекте 2010 жылға дейін Оңтүстік Астананың басқа халықтарын қорғау үшін қаражат жинау, қалалық, аудандық және нысандық деңгейде зардап шеккен халықты бірінші кезекте қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық, азық-түліктік, медициналық, басқа да керек-жарақтардың, авариялық-құтқару, сол сияқты шұғыл жұмыстардың запасын жасау.

Азаматтық қорғаныстың шараларын дер кезінде жүзеге асыру ведомстволарды дамыту жоспарының шеңберінде (қалалық ұйым), сондай-ақ қалалық мақсатты бағдарламаны орындау барысында жүзеге асырылады.

Азаматтық қорғаныс шараларының дер кезінде орындалуының нәтижесі туралы есеп жұмысы, қалалық аудандар әкімінің жылдық есептерінде арнайы бөлім ретінде, сонымен бірге Алматы қалалық төтенше жағдайлар жөніндегі басқарманың қала әкіміне беретін баяндамасында көрсетіледі.

#### *Әкімшілік хатшысы*

А л м а т ы қ а л а с ы ә к і м і н ің  
 2 0 0 4 ж ы л ғ ы " 2 2 " а қ п а н д а ғ ы  
 N 1 0 ш е ш і м і н е  
 N 1 Қосымша

#### **Алматы қаласының Азаматтық қорғанысын 2010 жылғы кезеңге дейін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жоспары**

Рет N	Материалдық-техникалық қажетінің аты	Нормативтік-құқықтық негізі	Сомасы мың теңге	Қаржыландыру көзі	Қажеттілікті негіздеу
1.	"Алматы қаласының Құтқару Қызметі" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнын ұстау	" Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы	2004 жылға-207607 2005 жылға-167230 2006 жылға-177264 2007 жылға-187900 2008 жылға-199174 2009 жылға-211125	Жергілікті бюджет	Штаттық, аумақтық авариялық-құтқару құрамаларын төтенше жағдайға жедел мән беруге тұрақты

			2010 жылға- 223792 Барлығы: <b>13 7 40 92</b>		дайындығын қамтамасыз ету
2.	Әмбебап құтқару керек-жарақтары (контейнерлер)	" Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы, " Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14 бабы	2004 жылға- 81000 2005 жылға- 27000 2006 жылға- 29000 2007 жылға- 31000 Барлығы: <b>168 000</b>	Жергілік ті бюджет	Әмбебап авариялық-құтқару контейнерлері саны 20 адамға дейінгі авариялық-құтқару құрамаларын қажетті авариялық-құтқару саймандары және жабдықтармен қамтамасыз етуге арналған. 1 контейнер 20 адамдық. Негізгі уақытта сол күйінде сақталып тұрады. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай туындаған жағдайда тікелей төтенше жағдай орнына жеткізіледі
3.	Медициналық жабдықталған далалық госпиталдар(жалпы саны 2010 жылға 1800 адамға арналған)	Қазақстан Республикасының " Азаматтық қорғаныс туралы" Заңының 26 бабы	2005 жылға- 75000 Барлығы: <b>75000</b>	Жергілік ті бюджет	Жергілікті немесе регионалдық сипаттағы төтенше жағдайларда білікті медициналық жәрдем беруді қамтамасыз ету
4.	Палаталық лагерлер (2010 жылға 42 мың адамға арналған)	Қазақстан Республикасының " Азаматтық қорғаныс туралы" Заңының 26 бабы	2004 жылға- 135000 2005 жылға- 140000 2006 жылға- 145000 2007 жылға-0 2008 жылға-0 2009 жылға-0 2010 жылға-0 Барлығы: <b>420000</b>	Жергілік ті бюджет	Жалпы сипаттағы төтенше жағдайда баспанасыз қалған халықтың тіршілігін қамтамасыз ету



5.	Лагерлерге қызмет көрсететін автотехника	Қазақстан Республикасының " Азаматтық қорғаныс туралы" Заңының 26 бабы	2004 жылға- 0 2005 жылға- 7000 2006 жылға- 0 2007 жылға- 9000 2008 жылға- 0 2009 жылға- 11000 2010 жылға- 0 Барлығы: <b>27 0 00</b>	Жергілік ті бюджет	Палаталық лагерлердің тіршілігін қамтамасыз ету үшін тасымалдау жұмысымен қамтамасыз ету
6.	Суда құтқару қызметін қамтамасыз ету және ұстау	" Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы	2004 жылға- 7303 2005 жылға- 8904 2006 жылға- 9438 2007 жылға- 10004 2008 жылға- 10604 2009 жылға- 11241 2010 жылға- 11915 Барлығы: <b>69409</b>	Жергілік ті бюджет	Штаттық аумақтық авариялық-құтқару құрамаларының төтенше жағдайларға жедел мән беру үшін тұрақты дайындығын қамтамасыз ету
7.	Алматы қаласын инженерлік қорғау мобильдік отрядін ұстау және дамыту	" Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы, Қазақстан Республикасының " Азаматтық қорғаныс туралы" Заңының 7 бабы	2004 жылға- 20300 2005 жылға- 79000 2006 жылға- 81000 2007 жылға- 83000 2008 жылға- 14500 2009 жылға- 15370 2010 жылға- 16292 Барлығы: <b>3 09462</b>	Жергілік ті бюджет	Штаттық аумақтық авариялық-құтқару құрамаларының төтенше жағдайларға жедел мән беру үшін тұрақты дайындығын қамтамасыз ету
8.	Кіші және үлкен Алматы шатқалында инженерлік қорғау мобильдік отрядтары үшін станциялар салу	" Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан	2004 жылға- 0 2005 жылға- 22000 2006 жылға- 22000	Жергілік ті бюджет	Штаттық аумақтық авариялық-құтқару құрамаларының төтенше жағдайларға жедел мән беру үшін тұрақты

		Республикасы Заңының 5 бабы, Қазақстан Республикасының " Азаматтық қорғаныс туралы" Заңының 7 бабы	2007 жылға- 2100 2008 жылға- 2300 2009 жылға- 2500 2010 жылға- 2700 Барлығы: <b>53 600</b>		дайындығын және тіршілігін қамтамасыз ету
9.	Алматы қалалық дағдарыс жағдайын басқару орталығын ұстау және дамыту	" Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушы лардың мәртебесі туралың Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы, Алматы қаласы Маслихаты ның 2000 жылғы 2 маусымда II шақырыл ған V сессиясы ның шешімін жүзеге асыру	2004 жылға- 62944 2005 жылға- 32000 2006 жылға- 35000 2007 жылға- 38000 2008 жылға- 42000 2009 жылға- 47000 2010 жылға- 52000 Барлығы: <b>308944</b>	Жергілік ті бюджет	Қала басшылығын және басқару органдарын табиғи, техноген дік сипаттағы төтенше жағдайда, ерекше кезеңде күштер мен құралдарды басқару, сондай-ақ төтенше жағдайлар ды жою мәселелері жөнінде басқа елдермен бірлесіп қимыл жасау бойынша жұмысты кешенді автономия лы түрде қамтамасыз ету
10.	Орталық шақыру жүйесін (ОШЖ) жаңарту	Қазақстан Республикасының " Азаматтық қорғаныс туралы" Заңының 3 бабы	2004 жылға- 13050 2005 жылға- 0 2006 жылға- 15000 2007 жылға- 0 2008 жылға-0 2009 жылға- 17000 2010 жылға- 0 Барлығы: <b>45 05 0</b>	Жергілік ті бюджет	Қазіргі заманғы талапқа сай келмейтін техникалық ескірген аппараттық тірегінің бөлігін алмастыру
11.	Дабыл қағу жүйесін жаңарту	Қазақстан Республикасының " Азаматтық қорғаныс туралы" Заңының 3 бабы	2004 жылға- 0 2005 жылға- 1500 2006 жылға- 0 2007 жылға- 0 2008 жылға-0 2009 жылға- 2500 2010 жылға- 0	Жергілік ті бюджет	Жергілікті немесе регионалдық сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған  да халыққа хабар беруді қамтамасыз ету, радиомен басқарыла тын дабыл қағу

			Барлығы: <b>4 0 00</b>		
12.	Республикалық және халықаралық ақпарат құралдарының каналдарына шығу үшін Алматы қаласы радио және теледидарларынан тарату жүйесін жанарту	Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғаныс туралы" Заңының 3 бабы	2004 жылға-5000 2005 жылға-0 2006 жылға-3000 2007 жылға-0 2008 жылға-0 2009 жылға-1200 2010 жылға-0 Барлығы: <b>9 200</b>	Жергілікті бюджет	051 Біртұтас кезекші-диспетчерлік қызметі және Алматы қаласы Дағдарыс орталығы мен бірлікте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жөнінде шұғыл хабар беру үшін қолда бар телекомпанияларды біртұтас желіге біріктіру үшін кешенді жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету
13.	Алматы қаласы халқына дауыс зорайтқыш пен хабар беру жүйесі (500 нүкте)	Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғаныс туралы" Заңының 3 бабы	2004 жылға-0 2005 жылға-21000 2006 жылға-21000 2007 жылға-21000 2008 жылға-21000 2009 жылға-21000 2010 жылға-21000 Барлығы: <b>126 0 00</b>	Жергілікті бюджет	Халыққа хабарлау, халық көп жиналатын орындарда (парк, саябақ, көшелер және т.б.) Азаматтық қорғаныс дабылдары мен мәтіндерін тікелей хабарлауды қамтамасыз ету
14.	Республикалық және халықаралық құрамалардан қайырымдылық көмегін сұрау үшін автономиялық ғарыштық байланыс құралдары мен сұраныс мәліметтерін беру	Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғаныс туралы" Заңының 22 бабы	2004 жылға-0 2005 жылға-1200 2006 жылға-500 2007 жылға-500 2008 жылға-500 2009 жылға-500 2010 жылға-500 Барлығы: <b>3700</b>	Жергілікті бюджет	Қала басшылығын, басқару органдарының жұмысын, жергілікті немесе регионалды сипаттағы төтенше жағдайларда басқа қалалармен, мемлекеттермен жұмыс істеу үшін электрондық және сөзхабарын беру мақсатында автономды жер серігі

					байланысы мен қамтамасыз ету
15.	Қалалық және қала сыртындағы басқару пункттері мен автономиялы радиобайланыс жүйесі	" Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13 бабы	2004 жылға-0 2005 жылға-2000 2006 жылға-0 2007 жылға-2500 2008 жылға-0 2009 жылға-3000 2010 жылға-0 Барлығы: <b>7 500</b>	Жергілікті бюджет	Команда құрамын ерекше кезеңде қала сыртындағы басқару пунктінен күштер мен құралдарды басқару мақсатында автономиялы радиобайланысымен қамтамасыз ету
16.	Ретрансляция мен байланыстың автономиялы жылжымалы пункті	" Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13 бабы	2004 жылға-0 2005 жылға-15000 2006 жылға-0 2007 жылға-16000 2008 жылға-0 2009 жылға-17000 2010 жылға-0 Барлығы: <b>48 000</b>	Жергілікті бюджет	Негізгі байланыс құралы істен шыққан жағдайда Азаматтық Ққоғаныс пен басқару органдары арасындағы радиобайланысын қолдауды қамтамасыз ету
17.	Республикалық және халықаралық құтқару ұйымдарымен радио байланысы	" Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13 бабы	2004 жылға-0 2005 жылға-1000 2006 жылға-0 2007 жылға-0 2008 жылға-1000 2009 жылға-0 2010 жылға-0 Барлығы: <b>2 000</b>	Жергілікті бюджет	Басқа халықаралық ұйымдармен құтқару жұмыстарын жүргізген кезде радиобайланыс жұмысын қамтамасыз ету ( басқа стандарттар мен жиіліктерде қолданылатын радио құралдары)
18.	Алматы қаласындағы 5-6 балдан астам жер сілкінісіне мән беру жүйесін дамыту	Қазақстан Республикасының " Азаматтық қорғаныс туралы" Заңының 6 бабы	2004 жылға-0 2005 жылға-72000 2006 жылға-0 2007 жылға-77000 2008 жылға-0 2009 жылға-83000 2010 жылға-0	Жергілікті бюджет	5 балдан астам жер сілкінісі болғанда қуаттық шағын станцияларды автоматты шұғыл ажырату, жоғары қысымдығы газ құбырларының бұрамаларын бекіту, 5 6 балдан жоғары жер сілкінісінде

				Барлығы : 23 20 00		сейсмостанцияны керекті аппаратурамен жабдықтау
19.	<b>Б а р л ы ғ ы</b> <b>б о й ы н ш а</b> кезеңге дей ін соның ішінде 2004			<b>2 0 1 0</b> - жылға - 2005 жылға - 2006 жылға - 2007 жылға - 2008 жылға - 2009 жылға - 2010 жылға - 328199 мың теңге	<b>ж о с п а р</b> <b>ж ы л ғ ы</b> <b>3 282957 мың теңге</b> 532204 мың теңге 671834 мың теңге 538202 мың теңге 478004 мың теңге 291078 мың теңге 443436 мың теңге	

*Әкімшілік хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК